

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық-техникалық университеті

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымдарының библиографиясы

**Бектұрғанов  
Қайыр  
Құрақұлы**

Орал -2017

Жәңгір хан атындағы  
Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті  
Ғылыми кітапхана

**Бектұрғанов**  
**Қайыр**  
**Құрақұлы**

Биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші

Орал - 2017

УДК: 012:51:82

ББК: 91

Б 42

Құраст: Кудабаета Г.А., ғылыми кітапхананың сектор жетекшісі

Шығаруға жауапты: Есенаманова А. Б., ғылыми кітапхананың директоры

**Бектұрғанов Қайыр Құрақұлы:** биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / құраст.: Г. А. Кудабаета, шығ. жауапты А. Б. Есенаманова. - Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2017. - 23 б.

Биобиблиографиялық көрсеткіш педагогика саласының ардагері, ұзақ жылдар Жәңгір хан атындағы БҚАТУ (Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты) математикадан дәріс оқыған ұстаз, бірнеше прозалық жинақтың авторы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі болған Қайыр Құрақұланға (Бектұрғанов) арналады.

Биобиблиографиялық көрсеткіште жазушының өмірбаяны, ұстаздық кезіндегі ғылыми еңбектерінің, әдеби шығармаларының тізімі және әріптестерінің естеліктері берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш оқытушыларға, студенттерге және басқада оқырман қауымына арналады.

## АЛҒЫ СӨЗ

Педагогика саласының ардагері, ұзақ жылдар Жәңгір хан атындағы БҚАТУ (Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты) математикадан дәріс оқыған ұстаз, бірнеше прозалық жинақтың авторы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, бекзат болмысты, дегдар азамат Қайыр Құрақұланға (Бектұрғанов) осы биобиблиографиялық көрсеткіш арналады.

Жер бетіндегі жақсылықты көбейтер көркем мінез, елдің мүддесіне, дін-ділге һәм туған тілге адалдық, ұлттық салт-дәстүрді ұлықтау, Отан-анаға қалтқысыз қызмет етер қайраткер қалыптастыру секілді көкейкесті тақырыптарды өмір бойы қаузаған қаламгердің соңында, кеудесінде шамы бар жанның кәдесіне жарар рухани мұра қалды. Ақ сөйлеп, адалдықтан ауытқымай өмір сүруді ғұмырының басты ұстанымына айналдырған, шығармашылығына асқақ гуманизмді өзек еткен Қайыр ағаның кете-кеткенше қолынан қаламы түспеген жан.

Биобиблиографиялық көрсеткіште жазушының өмірбаяны, ұстаздық кезіндегі ғылыми еңбектерінің, әдеби шығармаларының тізімі және әріптестерінің естеліктері берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш оқытушыларға, студенттерге және басқада оқырман қауымына арналады.

## Жазушының өмірбаяны

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, педагогика саласының ардагері, ұзақ жылдар Жәңгір хан атындағы БҚАТУ (Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты) математикадан дәріс оқыған ұстаз – Бектұрғанов Қайыр Құрақұлы 1937 жылдың 5 наурызында Калмыково (қазіргі Тайпак) кентінде дүниеге келген. Көркем әдебиеттегі лақап аты – Қайыр Құрақұлан.

Әкесі – Бектұрғанов Құрақ Дінмұхаммедұлы – қазақша да, орысша да өте сауатты болған адам (кезінде Қызылқоғадағы екі жылдық орысша-қазақша мектеп – Қарабау («қызыл үйін») тәмамдаған. Өмір – бойы сауда саласында еңбек еткен – сельпо, рабкооп дегендерді басқарған, 4 жыл соғыста болып оралған. Ол кісі Махамбеттің мүрдесін тауып бергенімен елге белгілі.

Анасы – Жона Көшенқызы – көп балалы, дастарханы жиылмаған қонақжай, жомарт адам болған. Екеуі де 1909 жылы туған. Араларына 100 күн салып 1985 жылы Жымпитыда қайтыс болған. 60 жылға тарта бірге тұрмыс кешіп, 12 бала тәрбиелеген жандар.

Бектұрғанов Қайыр Құрақұлы сол кездегі Талап мектебінде, содан соң 1 жыл Ордада, ақырында 2 жыл Оралда оқып, 1954 жылы № 11 қазақ орта мектебін алтын медальмен аяқтаған. Содан соң – денсаулығына байланысты 1 жыл ауылда болып ұстаздық еткен, келесі жылы Алматыға барып, қазіргі Абай атындағы педагогикалық университеттің физика-математика факультетіне оқуға түскен.

1960-1963 жж. Жымпитыда Қадыр Мырза Әлі атындағы орта мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісінің міндетін атқарған. Осыдан кейінгі жылдары, үздіксіз Орал қаласындағы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтында (қазіргі Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) математика пәнінен дәріс оқып, тәжірибе сабақтарын жүргізген, сөйтіп зейнеткерлікке шыққан. 2004-2007 жылдары Орал қазақ драма театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі болған. Барлық уақытта да ұстаздық пен бірге әдібиетпен де айналысқан.

Әдебиетке бала кезден құштар болған жазушы, 9 жасынан бастап жақсы өлеңдер жаза бастаған. Содан кейін бұл тірлікке суынып кеткен. Алғашқы «Арман» әңгімесі 1965 жылы «Орал өңірі» газетінде жарияланған. Содан кейін қалт еткен бос уақытын түгелдей шығармашылыққа арнаған.

1968-1969 жж. «Моника» атты әңгімесі үшін ҚазЛКСМ-нің бәйгесін алған. «Ат жалы» повесі «Жалын» баспасының жабық бәйгесінде 3-жүлде орынға ие болған. Алматыда жарық көрген кітаптары: «Бабаназар терегі» (1978), «Ізгілік жолы» (1980), «За днем грядущим» (1982) ұжымдық жинақ, «Қатерлі қияда» (1984). Қалған кітаптары, бұдан көп кейін Оралда «Дастан», «Ағартушы» баспаларынан шықты «Кері толғау», «Ат жалы» (2007), «Ақ Кемер» (2009), «Менің дінім».

Әр кездегі әңгімелері «Мәдениет және тұрмыс» (Парасат), «Жалын», «Жұлдыз» журналдарында, «Қазақ әдебиеті», «Орал өңірі» газеттерінде жарияланды.

Жолдасы Надежда Жұбайқызы – педагог, ұстаз, физика пәнінің мұғалімі. Көп жылдар бойы университетте физика кафедрасында аға оқытушы болып істеген.

Екеуі екі қыз, бір ұлдың – ата-аналары. Сол балалардан 7 немере өрбіген.

Үлкен қызы – Анар Австралияда тұрмыста, мамандығы дәрігер. Екінші қызы – Гүлмира Астанада, химия ғылымының кандидаты, лаборатория меңгерушісі. Күйеу баламыз Сәт – теміржолшы, құрылысшы, бас маман. Ұлы Ғали – инженер-механик, отбасымен Оралда тұрады.

## Адалдықтан аттамаған азамат

**Қазыбай Бозымов,**

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың құрметті ректоры,  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

Меніңше, белгілі қаламгер, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ұлағатты ұстаз Қайыр Бектұрғанов туралы жазу кім-кімге де оңай емес. Бұлай деуімнің себебі, Қайыр Құрақұлы – шешілмеген жұмбақ сияқты жан-жақты азамат. Қай тұсынан сабақтасаң да суырылып шыға беретін күрмеуі қиын жіп сияқты. Тұла бойы тұнып тұрған талант иесінің өмір өрнектерінің де бояуы қанық.

Өзім білім саласының өкілі болғандықтан, мен Қайыр Құрақұлының оқытушылық, ұстаздық қырын жаныма жақын тұтамын. Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетін үздік бітіріп, ауыл мектебінде мұғалім болып, 1963 жылдан зейнет жасына шыққанға дейін табан аудармай тек бір жерде – Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтында, қазіргі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде абыройлы қызмет етеді. Мен де бар саналы ғұмырымды бір кездері абитуриент ретінде табалдырығын аттаған Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтында өткізіп, осы киелі шаңырақтан құрметті зейнеткерлікке шықтым.

Ғылымды өмірінің мән-мағынасына балаған, мамандығын ар туындай ұстаған Асқар Жұмаділдаевтың «Қазақ балалары математикаға өте қабілетті келетіні рас. Қазақ – ілім-білімнің кез келген саласына бейім халық. Оның бір себебі – біздің ұлтымыздың өз тарихында көп сұрыпталғанынан. Небір алапатқа ұшырадық. Мұндай құбылыс адам бойында ширығуды, өмірге, қоғамға икемделе өмір сүруге деген ішкі түйсікті оятады. Ішкі түйсік логикаға, ал логика есепке жетелейді», - деген пікірін оқыған болатынмын. Танымал академик-ғалымдар Орынбек Жәутіков, Мүбәрәк Ятаевтардан дәріс алған Қайыр Құрақұлы қырық жылға жуық еңбек жолында жоғары мектепте математикадан сабақ беріп, соңынан ерген шәкірттерінің бойына білім мен ғылымның нәрін сіңірді. Жалғыз менің ғана емес, қазіргі таңдағы мүйізі қарағайдай көптеген ғалымдардың математиканы сүюіне, өмірге икемделуіне, жалпы ғылымға бет бұруына тікелей ықпал етті. Қайыр Құрақұлының студенті бола жүріп, сол кісіге еліктейтінбіз, қатты ұқсағымыз келетін. Өте қатал оқытушы болған жоқ, соған қарамастан, бірде-бір дәрісін қалт жібермеуге, берген тапсырмасын уақытында орындауға тырысатынбыз. Бұның себебі, сірә, ұстазымыздың мінезінің сабырлылығы, байыптылығы, мәдениеттілігіне қоса, асқан білімділігі мен тыңдаушыны тақырыпқа қызықтыра білу шеберлігі болса керек. Әйтпесе, студенттердің өздерін ештеңемен қызықтыра алмайтын, үйретері аз оқытушының дәрісіне пейіл танытпасы белгілі емес пе?!

Біздің топта басым көпшілігі қазақтар оқыды. Қайыр Құрақұлы ауыспалы мағынасында тілдің майын тамызып тұрып, құлақ құрышын қандырып, қазақ тілінде дәріс оқығанда тапжылмай отырып тыңдайтынбыз. Зеріге

бастағанымызды байқаса, өзінің студенттік шақта бастан кешкен қызықты оқиғалары туралы әңгімелеп беретін.

Қайрекең болашақ жарымен он тоғыз жасында Алматыда институттың үшінші курсында оқып жүргенде танысқан екен. Надежда жеңгей ол кезде екінші курста оқып жүреді. Үш жылдай қыз бен жігіт болып қол ұстасып бірге жүреді. Кейін дипломдарын қолдарына алған соң, алдымен Қайыр Құрақұлы және араға тағы бір жыл салып, Надежда Жұбайқызы өз ауылдарына аттанып кетеді. Арада той туралы өзара келісім болғанымен, қос ғашық үзбей хат алысып, тек бірер жылдан соң ғана барша жөн-жоралғысымен отбасын құрады. Біз, шәкірттері, Қайрекеңді ауызымыздың суы құрып тыңдай отырып, біз ұстаздарымыздың уәдеге беріктігіне, сезімге адалдығына, ата-анаға деген шексіз құрметіне риза болатынбыз. Екеуінің арасындағы ерекше сыйластыққа, керемет үйлесімділікке сүйсінетінбіз. «Жоғары математика» кафедрасында бірі математикадан, екіншісі физикадан сабақ беретін қос ұстаз әріптестерінің арасында да, студенттердің ортасында да үлкен құрметке, биік беделге ие болатын. Надежда Жұбайқызы Қайрекеңе шаңырағының шырағы, ошағының ұйытқысы, адал жар, балаларының анасы ғана емес, өмірдің сан түрлі бұралаңында сенімді серік, ағайын-туыс пен дос-жаранның арасын жалғаған жарасымды жолдас та бола білді.

Біздің топта қаланың балалары болған жоқ. Кілең ауылдың мектебінде оқып келген қарадомалақтармыз. Ол кезде бізге қазіргі заманның балаларындай «Алаңсыз сабақ оқы!» деп ата-аналарымыз жағдайымызды жасай бермейді. Мектептен келе сала мал жайғау, шөп шабу, бақша өсіру сияқты шаруаға салып қояды. Тұтас класспен апаратын колхоздың жұмысы тағы бар. Қысқасы, несін жасырайын, біздің топтың жігіттерінің математика бойынша білімі орта және одан төмен болды. Оған қоса математиканың өзі де оңай шағыла қоятын жаңғақ емес. Қайыр Құрақұлы математикадан, ал Надежда Жұбайқызы физика пәнінен қосымша факультатив сабақтар алып, бар білгенін бізге үйретуден жалыққан жоқ. Қайыр ұстаз тақтаның бетін түрлі күрделі формуламен толтырып тастап, шешу жолдарын әрқайсымызға жеке-жеке түсіндіретін. Сондай сәттерде мен Қайыр Құрақұлының жанарынан жарқыраған ұшқынды байқайтынмын, содан қуаттанып, күш алатынмын. Надежда Жұбайқызы уақытпен санаспастан күн қоюланғанша бізді отырғызып қойып, біз үшін физика қиын сабақ болғандықтан, ерінбей түсіндіретін. Ол үшін екеуінің де жалақысына қаражат қосылмайтыны тағы белгілі. Надежда Жұбайқызы менің білімге құштарлығыма қоса ұйымдастырушылық қабілетімді елеп, «Бозымов, сен түбі жарып шығасың. Білдей совхоз директоры» боласың деп жиі айтушы еді. Кейін бір кездесуде осы әңгімені Надежда Жұбайқызының есіне салдым. «Сен қазір үлкен оқу орнын басқарып отырған ректорсың. Дейтұрғанмен, сол кезде «Бозымов, сен болашақта министр боласың» деп неге сәуегейлік айтпадым екен» дейді ұстазым аналық кең пейілімен әзіл-шынын араластыра.

Мен Қайыр Құрақұлы мен Надежда Жұбайқызын ұстаз ретінде де, әріптес ретінде де, кәсіби маман ретінде де аса жоғары бағалаймын. Университетте бірге қызмет атқарған жылдары «Сен біздің шәкіртіміз едің» деп еш бәлсінген



емес, керісінше мейіріммен қарап, ізімізді басып келе жатқан жас әріптесіміз деп қолдап, қолпаштап жүрді.

Әлі күнге есімде. 1977 жылдың күзінде Жаңақала ауданының Красногор совхозына қарасты №2 бөлімшеге Комсомол жастарының Шабан бригадасына емтихан қабылдауға бардық. Математика пәнінен Қайыр Бектұрғанов, физикадан Мереке Нұрмағанбетов, химия пәні бойынша Ораз Хабиев және биологиядан мен, Қазыбай Бозымов Шабандар бригадасында екі аптай жатып, студенттерден емтихандар алдық. Күндіз негізгі міндетімізді атқарамыз да, кешқұрым дастарқан басында әңгіме-дүкен құрып, таңды таңға атқызатынбыз. Әсіресе, Қайыр Құрақұлының әңгімелерінен ерекше әсер алып, рухани байып, жан-дүниеміз демалып қалушы еді. Қайрекең арғы ата-бабасынан бастап, шежірені жатқа айтып, өзін текті тұқымның ұрпағымын деп отыратын. «Бектұрған - әкемнің ұлы бабасы, үшінші атасы. Ол кісі қапияда мерт болған Махамбет батырды өз қолымен жерлеген адам» деп айтқаны есімде сақталып қалыпты. Ұлы ақынның мүрдесінің қай төмпешіктің астында жатқаны жайлы құпия тек Бектұрған ұрпағына ғана мирас болып қалған. Ол құпияны ақырында, өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңында Бектұрғанның шөбересі, Қайрекеңнің әкесі Құрақ ақсақал ашқан екен.

Қайыр Құрақұлының өзім көре қалған, талай мәрте дидарласқан және аса құрметтеген Бисен Жұмағалиев ақсақалдың інісі екенін білген кезде Бектұрған ұрпағының тектілігіне тағы қайран қалдым. Бисен Жұмағалиев барша қазақтың мақтанышы, танымал қаламгер-публицист, ұзақ жыл жауапты қызметтерді абыроймен атқарған. Орал облыстық партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған жылдары Орал ауыл шаруашылық институтының алғаш құрылуына тікелей атсалысқан, қазақ жастарының білім алуына көп қамқорлық көрсеткен азамат.

Қайыр Құрақұлы «Әдебиет – менің тасадағы, көбінесе түнделетіп табатын «ауруым» деп айтатын. Күнделікті жазу-сызуы көп сабағына қоса кафедра мен деканаттың жиналыстары, жастардың қоғамдық өмірі мен тәрбиесі, бұдан бөлек біліктілікті арттыру курстары және тағысын тағылар – жоғары оқу орны оқытушысының таусылмайтын қым-қуат тірлігі. Міне, осы жауапты әрі маңызды миссиясын бір мысқал да кемітпей шығармашылықпен айналысу және өте жемісті, нәтижелі айналысу нағыз таланттың ғана қолынан келеді.

Адалдық – ардың ісі. Мен осы тұста, Қайыр Құрақұлының ең алдымен туған жерге деген перзенттік шексіз адалдығын айтқым келеді. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын қызыл дипломмен бітірген жас маманға Мәскеу Мемлекеттік университетінің механика-математика факультетінің аспирантурасында білімін жалғастыру туралы ұсыныс түседі. Бұл сол заманда екінің біріне, тіпті таңдаулылардың өзіне бұйыра бермейтін бақыт. Әйткенмен, Қайыр Құрақұлы бұл ұсыныстан жүрек қалауымен бас тартып, «еліме барып жазушылықпен айналысамын» деп туған жерге қайтып оралады.

Екіншісі, бұл туған ұжымға адалдық. Қайрекең жұбайы Надежда апай екеуі 1963 жылы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты құрылғанда жұмысқа қабылданып, оқу орнының алғашқы қалыптасуына тікелей атсалысқан

жандар. Қайрекең облысымызға танымал ұстаз болған, кейін Орал педагогикалық институтының ректоры болып қызмет ауыстырған Қайролла Кенжеғұловпен бірге математика кафедрасын, ал Надежда Жұбайқызы физика кафедрасын құруға атсалысты. Батыс аймақтағы жалғыз ауыл шаруашылық институтының дамуының барлық сәулелі сәттеріне куә болып, әр тынысын жүрегінен өткізді. Ұстаздық – Бектұрғановтар үшін ең қалаулы, абыройлы іске айналды. Және қандай қиын-қыстау кезең болмасын, мамандығына адалдық танытудан танбады. Әйтпесе, бәрі жекенің қолына ауысып, жоғары оқу орындары қаржылай тапшылық көрген жылдары есеп-қисапқа шебер мамандар қай мекемеге болса да ауадай керек еді...

Үшіншіден – әдебиетке адалдық. Менің пайымдауымша, бұл және ең бастысы. Өзінің айтуынша, «әдебиет дерті» Қайыр Құрақұлына студент шағында-ақ жұққан екен. Ең алғашқы «Арман» деген әңгімесі 1965 жылы облыстық «Орал өңірі» газетінде жарияланған. Міне, осы уақыттан бері ақтық демі үзілгенше қолынан қаламын тастамаған жазушы Қ. Бектұрғанов қазақ әдебиетінің ойып тұрып алар орны бар белді мүшесіне айналды. Университетте сабақ бере жүріп, республикалық басылым беттерінде әңгімелері мен повестері үзбей жарық көрді. Қазақтың салт-дәстүріне, тілі мен діліне, дініне қатысты мәселелерді басты назарға алды. Ол – әдебиетке адалдығын өзінің шығармаларымен, шынайы талантымен дәлелдеді, он шақты әңгіме-повестер жинағы бар.

Егер өмірде болса, еліне, білім ордасына және әдебиетке адал еңбек еткен Қайыр Құрақұлы Бектұрғанов биылғы жылдың 5 наурызында 80 жасқа толар еді. Көңілге медеу болатыны – ағамыздың артына қалдырған жасындай жарқыраған сөз өнері. Мәуелеген алып бәйтерекке айналған шаңырағының шырағын бүгінде жолдасы Надежда Жұбайқызы мен ұл-қыздары сөндірмей ұстап отыр.

***Ұстаз, тәрбиеші, жазушы, зиялы***  
(Қайыр Бектұрғановты еске алу)

**Тілекжан Рысқалиев,**  
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ профессоры,  
2016 жыл, 28 сәуір

Әріптестерінің алдында беделді, студенттер үшін үлгілі, өнегелі болған ұстаздарымыздың бірі Қайыр Құрақұлы Бектұрғанов еді. Қазіргі аграрлық университет институт болып құрылғаннан бері қырық жылдан астам арамызда қызмет етті. Кейін демалыста болып, шығармашылықпен айналысты. Қайрақанның ұжымда беделді болуы өз пәнін - математиканы терең біліп, оны шәкірттеріне екі тілде жеткізе білгеніне, олардың осы пәнді құрметтеп бағалауына ықпал еткеніне, ұстаз ретінде өзін сыйлата білгеніне, мамандығына, қызметіне адал болғанына байланысты болды ғой деп ойлаймыз. Бұған қосымша бұл кісінің туралығын, өз ойын қашан да, кімге және кімнің

алдында болса да, ашық айта алатынын, адамдарды атағына, лауазымына қарап емес, адамгершілігіне, адалдығына, шыншылдығына, имандылығына қарап бағалайтынын, бірбеткейлігін, бір сөзділігін атап өтер едік.

Соңғы кезде зиялылық, зиялылар жөнінде көп айтылып жүр ғой. Бірақ зиялылар өмірде көп бола қоймас. Зиялылық адамның атағына, қызметіне, білімдарлығына, көп оқығандығына байланысты емес, зиялылық адамның толыққандылығына, терең әрі жан-жақты түсінігіне, басқа адамдарға сөзімен де, ісімен де, мінезімен де, қылығымен де оңды ықпал ете алатынына байланысты. Сондай зиялылар қатарына Қайыр Құрақұлын жатқызуға болады.

Қайрақан 1954 жылы №11 қазақ орта мектебін (сол кезде пансион болған, қазір бұл мектеп С. Сейфуллиннің атымен аталады) алтын медальмен бітіріп, бірден оқуға бара алмай, ауылда мектепте 5-6-класс оқушыларына сабақ береді. Алтын медаль иесі, әрине, барлық пәндерден күшті болған. Дегенмен солардың ішінде оның жақсы көргені, жетік білгені математика еді. Жоғары сыныптарда оқып жүргенде, ол кейде мұғалім шығара алмаған есептерді өзі шығарып, көзге көрінеді. Бір жылдан кейін Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына түсіп, физика-математика факультетін қызыл дипломмен бітіреді. Үшінші курста оқып жүргенде қыздар педагогикалық институтында оқып жүрген қазіргі жеңгеміз Надежда Жұбайқызымен танысады. Оқу бітіргесін ол кісі өз ауылына Астрахан облысына кетіп, Қайрақан 1960-1963 жылдары Жымпиты орта мектебінде мұғалім, бір жылдан кейін оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істейді. Сол жылдары Надежда Жұбайқызымен үзбей хат алысып тұрады. Ақыры бес жылдан кейін 1963 жылы ағамыз да, жеңгеміз де айтқан сөздеріне тұрып, отбасын құрады. Бұл арада да біз бұл кісілердің ұстамдылығын, уәдеге беріктігін аңғарамыз.

1963 жылы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты құрылғанда ағамыз да, жеңгеміз де осында жұмысқа қабылданып, ағамыз марқұм Хайролла Кенжеғұлов деген облысымызға танымал ұстаз, кейін Орал педагогикалық институтының ректоры болған қадірлі ағамызбен бірге математика кафедрасын, ал Надежда Жұбайқызы физика кафедрасын құруға атсалысады. Бұл кісілердің ұстаздық өнері жөнінде біздің оқу орнында өте білікті, жұмысқа берілген, студенттерден білімді талап ете білетін, қатал, бірақ әділетті оқытушылар деген пікір қалыптасты. Студенттермен кездесу, дәріс оқып, сабақ беру Бектұрғановтар үшін ең қалаулы, абыройлы іске айналды.

Қайрақан да, Надежда жеңгей де педагогика саласына кездейсоқ келген жоқ. Бұл олардың саналы таңдауы болды.

Ғылымға бейім, математиканы жанындай жақсы көретін Қайыр Құрақұлының ғылым жолымен оқуын, ізденісін одан әрі жалғастырмауы әріптестерін таңдандырса керек. Мұның себебін ағамыз былай түсіндіреді: «Институтта оқып, мектепте, институтта жұмыс істеп жүргенде мен математиканы мұғалімге, оқытушыға қажетті дәрежеде меңгердім.

Одан әрі оқу, іздену менің ұстаздық қызметіме атақтан басқа ештеме қоспайтындай көрінді. Әріптестер мен студенттер арасында мұнсыз да сыйлымын. Мені өне бойы қызықтырып келе жатқан тағы бір құдірет болды, ол әдебиет еді. Мектепте оқып жүргенде тәп-тәуір өлеңдер жазған екенмін.

Өлеңдерім облыстық газетте де жарияланып жүрді», - дейді Қайыр ағай. Апасы Маржан бір күні інісіне: «Ал, мені суреттеші», - деп өтініш жасайды. «Немене?» - деп Қайыр қарсылық көрсетіп еді, апасы: «Қасым қандай, шашым қандай, мойным қандай, мұрным қандай», - деп қоймайды. Сонда Қайыр табанда:

Қарлығаштың қанатындай иіліп,  
Қасы әнтек келсе екен қиылып.  
Қыр мұрыны оқша түзу тартылса,  
Етегі кеп ықшам болып жиылып.  
Кере қарыс ақ маңдайын күн шалмай,  
Шырайменен құлпырса бет алмадай.  
Үлбіреген ерні болса, мойынды,

Ұзын кірпік, ұсақ меңнен құр калмай - деп, - ал енді не айтасың? - дейді. Апасы риза болып, Қайырдың бетінен сүйіп, мойнына түрлі-түсті бедері бар қызыл орамалды галстук қылып байлайды.

Бұл кезде Қайрақан он жаста екен. Бұл мәліметті біз Қайрақанның інісі Амангелді Құрақұлының Оралда 2008 жылы шыққан «Әке аманаты» деген кітабынан алып отырмыз. Есейе келе, Қайрақан поэзияны қойып, прозамен айналысуға көшеді. Алғашқы «Арман» деген әңгімесі 1965 жылы «Орал өңірінде» жарияланды. Бұдан кейінгі әңгімелері мен повестері «Қазақ әдебиеті», «Жалын», «Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс» сияқты республикалық басылымдарда жарық көрді. 1976 жылы жазылған, балаларға арналған «Ат жалы» атты повесі «Жалын» баспасының жабық бәйгесін жеңіп алды.

1982 жылы Қайрақан КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданады. Бұл дәреже ағамыз үшін ғылым саласында атақ алудан кем болмағаны түсінікті. Қазіргі кезде ғылымға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын шенеуніктердің ғылыми атаққа қызығып, әр түрлі жолмен кандидат, доктор, академик болғысы келіп атсалысып жүргендерін көргенде, Қайрақанның осындай таңдауына қайран қаласың.

2007 жылы Орал каласындағы «Дастан» баспасынан ағамыздың шығармаларының үш томдық жинағы жарық көрді. 2009 жылы «Ақ Жайық қаламгерлерінің кітапханасы» сериясынан «Ақ кемер» атты әңгімелері, шағын повестері, «Қатқак» атты романы жарық көрді.

Қайыр Құрақұлының шығармаларының тақырыбы адамға, Абай айтқандай, кімнің кім екенін аша түсетін «адамның кейбір кездеріне», адамгершіліктің қырларына, шығармашылықтың мән-жайына, адам басына түсетін қиын-қыстау сәттерге, қазақтың салт-дәстүріне, өнеріне, діліне арналған. Барлық туындыларынан өмір шындығы сыр беріп жатады.

Біздің тілімізге, ділімізге, дінімізге қатысты мәселелер де Қайрақанның назарынан тыс қалған жоқ. Оның «Менің дінім» деген көлемді еңбегі бар. Төрт тарауы 2010 жылы «Орал өңірінде» жарық көрді. Бұл еңбекті жазу үстінде авторға көп оқуға, үйренуге, діндер тари- хына тереңірек үңілуге тура келді. Өзінің мақсаты туралы Қайрақан: «Мақсатым - өзге діндер мен сенімдерге бүге-шігелеп талдау жасау немесе оларды сынау емес, қандастарымды, оның

ішінде, әсіресе, жастарды жаза басып адасудан, білместікпен ата-бабамыздың әрі дәстүрлі, әрі хақ діні Исламнан бет бұрып, басқа сенім-нанымдарға артықшылық беруден, бұған қоса көптеген, есебіне сан жетпейтін, көлденең ағымдардан сақтандыру», - деп жазады еңбегінің кіріспесінде. Қайрақанды ойландырған, толғандырған мәселе, өзі атап көрсеткендей, «жарты миллионнастам қандастарымыздың, өз елінде, өз жерінде... отырған қазақтарымыздың өзге діндерге, соның ішінде көбінесе христиандық сенім мен соның әр түрлі секталарының қатарына өтіп кетуі». Дін мәселесі жастарымызды қызықтыра бастады. Сондықтан да мұндай шығарма оларға ой салып, дұрыс бағыт сілтейтініне күмән жоқ.

Қайрақанды толғандырып жүрген тағы бір тақырып тілімізге байланысты. Бір кезде бұдан шамамен жарты ғасыр бұрын біз «отырық», «жатырық», «тұрық» деген сөздерді еститін бе едік? Тілімізде оның үйреншікті қалыбынан осындай өрескел ауытқу, жалпы тілдегі ауа жайылу неден басталды? Осы сұраққа жауап бере келіп, Қайрақан өзінің «Қазақшаң қалай, жас буын?» деген шығармасында былай деп жазады: «Алдымен тіліміздің тазалығына деген талап, оны мектептерде оқыту деңгейі сол біз сөз етіп отырған кезден кейін-ақ күрт төмендеп кетті. Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиетінен мұғалім даярлайтын бөлімдеріне түсу жастар үшін оңай шаруа болды. Сондықтан біртіндеп осы саладағы мұғалімдердің білім деңгейі, олардың өз мамандығына деген құрметі мен құлшынысы ең төмендегі дәрежеге жетті... Балалар мен жастарға білім беру саласындағы осы олқылықтың салдарынан жастар өздері бұрыннан білетін «отырдық», «тұрдыққа» ұқсас етіп, «отырық», «тұрық» деп сөйлей бастады да, әй дейтін әже, қой дейтін қожа болмаған соң, бұл жана құрылымдар біртіндеп тамыр тартып, орнықты. Тіл де-тірі құрылым, олай болса, әрбір тіршілік иесі сияқты сөздің де жаны бар. Жаны болса, оның да өзіне тән сырқаты, індеті, вирусы бар. Сол вирус әлгі індетті жер-жергетасысакерек» (қараңыз: Қ. Құрақұлан. «Ақ кемер» әңгімелер, шағын повестер, роман. - Орал: «Ағартушы», 2009 ж., 333-бет).

Әдебиет - ардың ісі болатын болса, сол ар-ұятты өмір бойы ұстанып өткен адамдардың бірі Қайрақан болса керек.

### ***Қайран менің, Қайырым!***

**Марқұмныңжары Надежда**  
(«Нәду» деп кетті, анамның атауымен)  
Марқұмның қайтқанына бір  
жыл болғанда келген ойлар  
2016 жылдың мамыры

1957 жылдың күз айы, оқу жылы басталып жатқан кезі. Мен Алматыда Қыздар педагогикалық институтының 2-ші курс студентімін. Бір күні жерлес апайымның үйіне барсам, үйінде жақын досы отыр екен. Күн кеш болып кетті де, апай мені досының үйіне дейін шығарып салуды өтінді. Ол үйге барсақ онда

жас жігіт отыр екен. Ағай оны маған: - Жиен-немерем, аты Қайыр, - деп таныстырды. Абай атындағы институттың физика-математика факультетінің 3-курс студенті екенін айтты. Оны көрген бойда-ақ менің жүрегімде лүп еткен бір сезім пайда болды: ұзын бойлы, ашаң жүзді, шымқара бұйра шашты, жайлы, сабырлы қалпы қатты әсер етті. Мені шығарып салғысы келген ыңғай танытып еді, бірақ мен өзім баратынымды айттым. Содан кейін екеумізге ұзақ уақыт кездесуге бұйырмады. Үш-төрт ай өткен соң біздің факультеттің қыздарын Абай пединститутының студенттері Жаңа жыл кешіне шақырды. Қайырда сол кеште жүр екен, мені көріп биге шақырды. Махаббат солай басталды. Одан әрі біздер кездесіп жүрдік. Менің жатақханам «жабық» мекеме болатын. Сырттан бөтен адамды кіргізбейтін. Сөйтіп, кино, театр, опера, балет қойылымдарын көріп, қыдырып, парктегі ойын-сауық, т. б. мәдени орындарға барып үш жылдай бірге жүріппіз. Содан ол оқуын аяқтап, дипломын алды, түсіп тұрған Мәскеудегі аспирантураға бармай, ауылға аттанды. Ойы: уақытын әдебиетке арнап, әңгіме, повестер жазу. Жақсы математик бола тұра, жүрегі әдебиетті (жазуды) қалады.

Бір жылдан соң мен де оқуымды аяқтап, Астрахандағы өз ауылыма барып мектепке орналастым. Екеуара үйлену жайлы әңгіме болғанмен, мен анамның алдынан өтіп, бір жыл болса да олардың қолдарында болғым келетінін айттым, ол қарсы болмады. Ол Орал облысының Тайпақ ауданында болса, мен Астрахан облысының ауылдық жерінде тұрушы едім. Әкеме келіп құда түсуін өтіндім. Әкем қаталдау, жөн-жосықты түгендейтін адам болатын, сол айтылғаннан бір жыл өткен соң құда түсіп, тойды келесі жылы ғана жасауға әкем келісімін берді. Уақыт ұзап кетті, Қайрекең мазаланды, бірақ амал жоқ. Тек келесі жылы жазда ғана әкем тойымызды жасап, мені Оралға нөкерлерімен аттандырды. Сол жылы Орал қаласында ауыл шаруашылығы институты ашылып, екеуміз де сол институтқа жұмысқа орналастық. Қайырды жоғары математика, ал мені физика кафедрасына мұғалімдікке (ассистент) алды. Жалақы аздау, бірде жетеді, бірде жетпейді, бірақ одан біз мойымадық. Жаңадан ашылған оқу орны болған соң, бір-екі айдан соң мұғалімдерге пәтер берілді, ол бір жақсылық болды.

Бір жылдан соң Анар есімді қызымыз дүниеге келді. Сондағы Қайрекеңнің қуанышын көрсеңіз! Ерекше ниет-ықыласпен оны қарсы алып, сәбиінің жүзіне ұзақ уақыт үңіліп, күлімсіреп карап отыратын. Жалпы, ерекше адам еді. Мені аса құрметтеп, қамқорлап отыратын. Әрдайым сезімін білдіріп, жақсы сөздермен көңілімді көтеретін. Жалпы, 52 жыл бірге өмір сүріппіз, сол жылдардың ішінде еш уақытта көңілімді қалдырып, қатты сөз айтып, дөрекі қылық танытып, менен басқа әйел затына көзінің қырын салған емес, оны үлкен сеніммен айта аламын. Студент кезінде де, кейінірек те оған қыздар, жалпы әйел заты жиі ғашық болғанын білемін, бірақ оған көп мән бергені есімде жоқ. Оқып жүргенде де не бір әдемі, не бір ауқатты отбасының қыздары болды. Сонда ол мені не үшін таңдады, ешқандай ерекшелігім жоқ, ауылдың қара қызымын. Сол үшін де мен оны аса бағалап, жүректен шыққан рақметімді айтпаппын. Неткен нашар адаммын, немді бұлдап, асқақтадым екен? Қатты өкінемін, бар сезімімді сөзбен білдірмедім. Қандай мақтауға да лайық еді-ау!

Нөпір халық ішінде бірден көзге ілігетін: биік сұңғақ бойлы, қою қара, бұйра шашы, жарқыраған, мейірлі жылы жүзі арқылы мен оны лезде тауып алатынымын. Қазір де оның жоқ екеніне сенгің келмейді. Оның ең үлкен қасиеті - өтірікті, жалғандықты, екіжүзділікті жаны сүймейтін. Адамдарды лауазымына емес, жасына, өнері мен талантына, тектілігіне қарай сыйлайтын. Қызметіне де, әдебиетке де адал болды. Бір әңгіме жазу үшін бірнеше ай уақыт кетсе де өкінбейтін, жазғанын қайта-қайта қарап, өндеп шыңдайтын.

Қайыр аса білімді еді. Батыстың бұрынғы және қазіргі ақын-жазушыларын, олардың не жөнінде жазып жүргендерін жақсы білетін, сонымен қатар Шығыстың ғұламаларымен де жіті таныс еді. Жастарды исламның теріс ағымдарынан сақтандырам деп «Менің дінім» деген кітапша жазып, өз қаражатына шығарып, кейін елге тегін тараттық. Өз балалары заманға сай қазақша оқи алмады, ал немерелерінің қазақша оқуы үшін жанын аяған жоқ. Оларды балабақшаға, мектепке қанша қашық жер болса да жаяу-жалпылап тасып жүрді. Ауру мендеп, нашарлап жатқан кезінде де олардың сұрақ, талаптарын қанағаттандыру үшін тұрып кететін, жауап жазып, телефонмен маған хабар бергізетін. Оларды нәзіктікпен жақсы көріп, жүрек жылуын аяған жоқ. Егер балалар межелі уақыттан кешіксе, шаршағанына қарамай, көше кезіп, іздеп кететін, содан тауып алғанға дейін жүретін. Марқұмның ас-су ішу әдебі де бөлек болатын, Құран қағидаларымен іске асатын. Өте ыстық, не тым салқын тағамды пайдаланбаушы еді. Түрлі ас-суды араластырмай, сәйкесіне қарай тамақтанатын.

Қайрекең музыканы, күйді, соның ішінде домбыраны (жеке орындаушыларды) сүйіп тыңдайтын. Құрманғазы мен Динаны, кейінгілерден Рыспай мен Тұяқбердінің күйшілік шеберлігін ерекше ниетпен тыңдаушы еді. Шаршаса, күй тыңдап, рақаттанып, айналадан баз кешіп, көзін жұмып, тынығатын. Ақындардан Қасымды, Жанғали мен Қадырды жоғары бағалап, ал Қуандық Шаңғытбаевтың өлеңдерін жатқа айтып жүретін. Темірғали, Жанғали достары, Жәкең ауырғанда ылғи да қатынасып тұрдық. Және отбасында да Қайрекең өте кең, салмақты мейлінше тыныштыққа жаны үйір болатын. Мен сәл нерсеге шыр-быж болып, онды-солды өзіне қатаңдау сөйлеп қоюшы едім, ол болса салмақтылықпен көтеретін. Кейін іштей өкінгенмен де, көп кешірім сұрамаушы едім. Солардың бәріне қазір қиналамын, өкінемін, бірақ өмір қайтып келе ме? Менің ағайын-туғандарым да Қайрекеңнің сый-құрметіне ие болды. Әсіресе, анамды өз анасындай көріп, әсіре сыйлайтын, онымен өте жылы шыраймен көрісіп, жайдары, емен-жарқын сөйлесетін. Анам оған өте разы болып, оған «Ақжайнақ балам» деп ат қойды. Осылай өмір тезақ өте шықты. 78 жасында көлденең, туралап келген науқастан бар-жоғы тоғыз ай ішінде жай ғана, тыныштықпен мәңгі сапарға аттанып кетті. Оған дейін бойында күш-қайраты мол, өмірге өте құштар, тұла бойы толған әдеби жоспар болатын. Қайтпастан 6-7 күн бұрын әрең отырса да, «Орал өңірі» газетіне «Ата-бабамыздан қалған мұра - ана тілімізді қадірлейік» деген мақаласын үш рет көшіріп жазып, аяқтап кетті. Сол жасына дейін еш мұқалған жоқ, саяжайда жалғыз өзі-ақ істейтін бар жұмысты. Көктем сайын саяжай тірлігіне құлшына кірісіп, машинасын өзі айдап, алманың да неше түрін өсіріп, оларды

будандастырып, бір теректен үш-төрт түрлі алма алатын. Жазу-сызуға отыра алмаған күнді бос өткен күн деп есептейтін. Ешкімнің ала жібін аттамады, ешкімнің жетістігін қызғанбады, пәк күйінде о дүниеге аттанып кете барды.

Қадірлі, Қайреке! Өзіңмен, үш баламызбен өте бақытты ғұмыр кештім. Жастық кезде сөз салған жігіттер болды ғой, қыз болған соң, өзіңді кейін есейген кезде де талай өмірдегі қатарлас азаматтармен салыстыра жүргенде түйгенім: қай-қайсысының да саған бір өлшемі жетпей тұратын. Әрине, жақсы адамдар бар, мен тек өз кезімнің жеткен жеріне дейін барлағанымды айтқаным. 2013 жылдың тамыз айында 50 жылдық алтын тойымызды ағайын-туғанмен, жолдастармен бірге тойладық, ол да бір бақыт бөлшегі.

Бес-алты жыл қыз бен жігіт болып қыдырдық, 52 жыл отбасын құрып, бірге өмір сүрдік, екеуін қоссақ 58 жыл, 58 күндей көрінбеді.

Аяқтай келе айтайын дегенім, сенің сол кіршіксіз адал, қалтқысыз махаббатыңа, бүкіл таза болмысыңа лайықты болып, сәйкесінше бағалай алдым ба? Не ойлап кеттің екен? Егер бір жерден көңіліңді қалдырған болсам, Алла мені кешірсін, сен де кешір!

Қазір сен жоқсың, сөйлесетін кісі де жоқ, өткен күндерді, сенің сөздерің мен істеріңді сағындым. Кейде өзегімді ақ жалын шарпиды, амал бар ма? Тек Алланың рақметі мен Пайғамбардың шапағаты бұйырсын, ақ едің, иллаһи солай болар!

**Ш. Д. Махмудова,**  
канд.ф-м.наук, доцент кафедр  
«Информационные системы»

С Кайыром Кураковичем Бектургановым я познакомилась в 1980 году, когда пришла работать на кафедру высшей математики, тогда еще Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института.

В те годы на кафедре высшей математики Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института работал большой, опытный коллектив: доценты, кандидаты физико-математических наук: И. И. Ильясов, А.С. Байарстанова, старшие преподаватели: Л. М. Егорова, К. К. Бектурганов, Б. А. Мустажапов, Л. А. Матушкина, А. Е. Жумагалиева, С. И. Темиргалиев, Ж. Х. Гумаров, С. И. Темиргалиев, преподаватели: Н. С. Филимонова, Г. А. Садыкова.

Среди всех преподавателей кафедры Кайыр Куракович выделялся своей статностью, ему не свойственна была суетливость. В нем сочетались лучшие черты ученого и литератора. Несмотря на свой престиж и социальный статус в обществе, как члена Союза журналистов, Кайыр Куракович с уважением и даже некоторым почтением относился к нам молодым преподавателям, давал очень ценные советы, признавал наши небольшие успехи и достижения.

Присутствие Кайыра Кураковича создавало особенную обстановку на кафедре высшей математики. В свободное от занятий время обсуждались



новости культуры и литературы. Тем более, если учесть, что в те годы интернета не было, и самые интересные события в области литературы были доступны математикам, из достоверного источника. Кайыр Куракович с авторскими пожеланиями дарил нам свои книги.

Высшую математику Кайыр Куракович преподавал также блестяще, как и писал книги. На кафедре постоянно работал кафедральный семинар, в работе которого, Кайыр Куракович, принимал самое активное участие. Кайыр Куракович один из первых, кто перевел лекции по высшей математике на казахский язык и стал преподавать математику на государственном языке. Неоднократно он назначался председателем приемной комиссии по математике. Быть председателем означало – подготовить экзаменационные задания, так, чтобы не было некорректных заданий, чтобы были охвачены все разделы школьной математики. Помимо этого надо было в каждый билет, в каждый вариант письменного задания вручную вписать математические формулы и символы. Тогда понятия «размножить на ксероксе» не существовало. Самое важное, чтобы во время вступительных экзаменов команда преподавателей под руководством председателя, ответы абитуриентов оценила правильно. Поэтому такую работу поручали очень ответственным и профессиональным преподавателям.

Хочу отметить, что Бектурганов К.К. увлекался еще и шахматами, зачастую преподаватели кафедры задерживались после занятий, чтобы поиграть в шахматы, а на другой день обсуждали сыгранные партии. Кайыр Куракович был хорошим отцом, он гордился своими детьми и много о них рассказывал, всегда говорил, что детей надо терпеливо воспитывать и передавать им самые гуманные человеческие ценности.

В те годы на кафедре была творческая обстановка и она создавалась и поддерживалась такими неординарными личностями как Бектурганов Кайыр Куракович. Редкостью было тогда, да и сейчас, как мне кажется, когда математик пишет художественные книги. Взгляд писателя на будущее всегда отлично, а писателя, знающего высшую математику, было еще более интересным. И мне посчастливилось работать с таким человеком как Бектурганов Кайыр Куракович.

### **Ұлағатты ұстазды еске алу**

Естелік жазушы 1971-1976 жж. ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетінің студенті, қазір Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы **Нұралин Бекет Нұрғалиұлы**

Адам өмірінің әр кезеңінде оны тәрбиелеуде, білім беруде ұстаздардың орны бөлек. Оны әрбір адам есейгенде ғана түсінеді. Ұстаздардың еңбектері өте жоғары бағаланып, оларға арналып жазылған романдар, өлеңдер, естеліктер жеткілікті.

Менде отбасыларымен бірге институтта қызмет еткен Сағынаевтардың, Гизатовтардың, Кудряковтардың, Пигаревтердің, Даулетьяровтардың және т.б. айтып өткім келеді. Олар студенттерге үлгі болып, баға жетпес құнды білім берген педагогтар.

Осындай ұлағатты ұстазым, Қайыр Құрақұлы Бектұрғанов ағамызды еске алып, болашақ мамандар дайындауда сіңірген еңбегін атап өткім келеді.

Ағамыз Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының құрылуынан бастап еңбек еткен ұстаздардың бірі. Жұбайы Надежда Жұбайқызы екеуі болашақ мамандарға математика және физика пәндері бойынша сабақ берген тәжірибелі мұғалімдер.

Ағайымыз ұзын бойлы, әдеміше келген, сабырлы адам еді. Сөйлеуі жәй, сыпайы, адамға күле қарайтын. Студенттерді бір-бірінен бөлмей, олардың есімдерімен атайтын. Сабақты асықпай, нақты түсіндіретін. Дәріс оқығанда анықтамаларды түсінікті, қысқаша жаздыратын. Бірақ студенттерге қоятын талабы: тек теорияны біліп қоймай есепті шығаруды талап ететін, шындықты жақсы көретін.

Қайыр Құрақұлы күліп қарағанымен өте талапшыл, қатал мұғалім болды. Емтиханда бір билетте 2 теориялық сұрақпен әр тақырыпты қамтитын 10 есеп болатын. Осы кезде білімін көрсетпеген студенттерді жақсы көрмейтін. Бір семестрде топтағы 21 баланың 19-ы «екі» бағасын алған кездер де болған. Бірақ олар дайындалып, соңынан тапсыратын.

Ағайымыз тек қана математик болып қойған жоқ, елімізге белгілі жазушы. Өзінің туып өскен өлкесіне, еліне арналып жазған шығармаларын оқығанбыз.

Қайыр Құрақұлының бойына тапқырлықпен айналысу да біткен. Сабақтың кезінде үзіліс жасап, өзінің ойлап тапқан құлыптарының схемасын ұсынып, оларға баға беруді сұрайтын.

Ағай мен жұбайы Надежда Жұбайқызынан алған білімімізді соңынан жоғарғы оқу орнында ұстаз болып жасағанда іске асырдым.

Ағай мен апайымызбен көп жылдар әріптес болып еңбек еттім, жас та болсақ бізді сыйлап, талай қонаққа шақырып, отбасын көрсетті.

Алған біліміміздің арқасында ғалым, тәрбиелерінің нәтижесінде ұстаз болдым. Жеткен жетістіктеріміздің жартысынан көбі осы ұстаздарымыздың үлесіне келеді. Сондықтан олардың алдында борыштымын.

Ұстазымды 80 жасқа толу мерейтойының алдында еске алып, Надежда Жұбайқызына көп рахмет айтып, отбасына амандық, денсаулық, балаларына және немерелеріне табыс тілеймін.

Ағайымыздың жаны жанатта болып, алла рақым қылсын.

## **Қ. Қ. Бектұрғановтың ғылыми еңбектері**

**1989**

1. Сандар тізбегінің шегі. – Орал : БҚАШИ, 1989. – 24 б.

**1990**

2. Сызықтық алгебраның элементтері: студенттің өз бетімен жұмысына көмекші методикалық құрал. – Орал : БҚАШИ, 1990. – 36 б. (Авторлық бірлескен: Л. М. Егорова).

**1993**

3. Методические указания к индивидуальной работе студентов по теме: "Элементы линейной алгебры". - Уральск : Зап.-Казахст. СХИ, 1993. - 40 с. (Соавт.: М. М. Егорова).
4. Функциялық шегі: методикалық құрал. – Орал : БҚАШИ, 1993. –28 б.

**1994**

5. Сборник экзаменационных задач по математике : для поступающих в Зап. Каз. СХИ. - Уральск, 1994. - 86 с. (Соавт.: А. С. Байарстанова, Ж. К. Гумаров, А. М. Егорова, А. Жумагалиева, И. И. Ильясов, Л. А. Матушкина, С. Махмудова, Б. А. Мустажапов, Г. А. Садыкова, С. Темиргалиев).

**1997**

6. Векторлық алгебра мен аналитикалық геометрияның элементтері : әдістемелік-оқу құралы. - Орал : БҚАУ, 1997. – 82 б. (Авторлық бірлескен: Г. А. Садыкова).

**1999**

7. Білім мен ғылымның іргелі ордасы: БҚАУ // Орал өңірі. – 1999. – 8 мамыр. (Авторлық бірлескен: Ә. Ш. Шамғонов).
8. Векторная алгебра и элементы аналитической геометрии : учебно-методическое пособие. - Уральск : ЗКАУ, 1999. - 82 с. (Соавт.: Г. А. Садыкова).
9. Сандар тізбегінің шегі. - Орал, 1989. - 24 б.

## **Әдеби шығармалары**

10. Айналайын атажан : әңгіме // Орал өңірі. - 2002. - 9 көкек.
11. Ақ Кемер: әңгімелер, шағын повестер, роман. – Орал : «Ағартушы», 2009. – 368 б.
12. Бабаназар терегі : әңгімелер. - Алма-Ата : Жалын, 1978. - 100 б.
13. Әулеттің ары: әңгіме // Орал өңірі. - 2012. – 4 қазан.
14. Бір ғасыр құпиясы :әңгіме // Орал өңірі. - 2002. - 20 шілде.
15. Бядуляның мерейтойы мен Мәншүктің ескерткіші // Орал өңірі. - 2002. - 15 қазан.
16. За днем грядущим: стихи и рассказы. – Алма-Ата : Жалын, 1978. – 140 с.

- 17.Ізгілік жолы: әңгімелер. – Алматы : Жалын, 1980. – 208 бет.
- 18.Кескекті ерлер ұрпағы // Орал өңірі. - 2009. - 19 наурыз.Профессор Жұбаев С. Ш. туралы.
- 19.Көгілдір сағыныш // Қазақ әдебиеті. - 2009. - 20 қараша.
- 20.Көк мұнар: әңгіме // Орал өңірі. – 2007. – 9,13 қаңтар.
- 21.Қатерліқияда:повестер. - Алма-Ата :Жалын, 1984. - 168 б .
- 22.Қасиетті борышың: әңгіме // Орал өңірі. - 2011. – 19 мамыр.
- 23.Қиянда қалған балалық: повесть // Орал өңірі. - 2007. - 13 ақпан.
- 24.Махаббаттың киесі : әңгіме // Оралөңірі. - 2001. - 3 сәуір.
- 25.Менің дінім. – Орал : Дастан, 2012. – 100 бет.
- 26.Менің дінім : шығармашылықтан үзінді // Орал өңірі. - 2010. - 3,10,17 маусым.
- 27.Өкпек желдің өтінде : повестен үзінді // Орал өңірі. - 2012. - 1, 8 наурыз. Жазушы Қайыр Құрақұлы бірнеше прозалық жинақтың авторы. Өзіне қатаң талап қоятын талапкер. 75 жасқатолып отырған жазушыныңтыңдүниесіненүзінді.
- 28.Пірзада: әңгіме // Орал өңірі. – 2007. – 11 қазан.
- 29.Сен мәңгі мендіксің : әңгіме // Орал өңірі. - 2003. - 19 сәуір.
- 30.Таудан мұнартып ұшқан тарлан // Орал өңірі. - 2011. - 11, 18, 25 тамыз.
- 31.Шығармалар жинағы. - Орал : Дастан, 2007. – 1-том. Кері толғау. - 324 б.
- 32.Шығармалар жинағы. – Орал : Дастан, 2007. – 2-том. Қатқак. - 364 б.
- 33.Шығармалар жинағы. - Орал : Дастан, 2007. – 3-том. Ат жалы. -320 б.
- 34.Юбилей Бядули и память Маншук // Приуралье. – 2003. – 22 мая.

## **Педагог, жазушы Қайыр Құрақұлы Бектұрғанов туралы**

1. Бектұрғанов Қайыр Құрақұлы // Батыс Қазақстан облысы :энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – Б. 187.
2. Бектұрғанов Қайыр Құрақұлы // БҚАТУ тарихындағы тұлғалар : анықтамалық = История ЗКАТУ в лицах: справочник [Текст] / ред. Қ. Қ. Бозымов [және т.б.]. - Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2013. – Б. 40.
3. Ғұбайдуллин Б. Мәскеулік аспирантураны ауылға айырбастаған жазушы // Орал өңірі. – 2016. – 28 сәуір. Бірнеше прозалық жинақтардың авторы, талғампаз жазушы және ұзақ жыл жоғары оқу орындарында математика пәнінен сабақ берген педагог Қайыр Бектұрғанов туралы.
4. Қайыр Құрақұлан (Бектұрғанов). Шығармалары. Естеліктер / дайын. Н. Ж. Бектұрғанова. – Орал : «Полиграфсервис», 2016. – 346 б.
5. Жазықбай Т. Жазушы туған жерінде / Т. Жазықбай // Орал өңірі. – 2012. – 22 қараша.
6. Рысқалиев Т. Х. Ұстаз, тәрбиеші, жазушы, зиялы // Орал өңірі. – 2012. – 8 қараша. Қайыр Бектұрғановты еске алу.

## Мазмұны

Алғы сөз.....	3
Жазушының өмірбаяны.....	4
Әріптестер естеліктері.....	6
Қ. Қ. Бектұрғановтың ғылыми еңбектері.....	20
Әдебиет шығармалары.....	21
Педагог, жазушы Қ. Қ. Бектұрғанов туралы.....	22